



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical
conference of students
MATERIALS**

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV
FACULTY OF PHILOLOGY
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical conference of students
MATERIALS**

Астана қаласы, 2023

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3
С37

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Редакция алқасын басқарған: Бейсенбай А.Б.
Редакция алқасы: Маликов Қ.Т.
Саркенова Қ.Қ.
Өмірбекова Ж.Қ.

С37

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

ISBN 978-601-337-820-6

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

ISBN 978-601-337-820-6

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Тілдік норма және поэтикалық фразеологизмдер: Сөз өнері. – Алматы Ғылым, 1978. – 8-12 б.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 29-30 б., – 174-176 б., – 369 б.
3. Әуезов М. Абай жолы роман-эпопея 1942, I, II том. – 176-230 б., – 323-381 б.
4. Еспекова Л. Көркем әдебиет тілі және норма. // Тіл білімі VIII кітап, – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. 25-26 б.

АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ СИНОНИМИЯ МӘСЕЛЕСІ

Избасарова А.

aruizbasarovva@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті

5B01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 2-курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Г.О. Сыздықова

Аңдатпа. Тіл білімінде синонимия бастапқыда тек лексикологиялық тұрғыда зерттеліп келгендігі белгілі. Ғылымның даму барысында синонимия мәселесін тілдің барлық деңгейіне қатысты қарастырудың қажеттілігі пайда болды.

Мақалада академик М.Серғалиевтің жалпы синонимия мәселесі, синоним және синонимия, синонимика ұғымдарының аражігі, синонимдердің тіл деңгейлеріне қатысы, оның ішінде грамматикалық синонимдер туралы тұжырымдары сараланады. Синонимия мәселесін морфологиялық және синтаксистік тұрғыда зерттеудің өзектілігі анықталады.

Аннотация. В лингвистике синонимия изначально изучалась только в лексикологии. В ходе развития науки возникла необходимость рассмотрения проблемы синонимии по отношению ко всем уровням языка.

В статье анализируются высказывания академика М. Серғалиева о проблеме общей синонимии, о различии понятий синоним, синонимика и синонимия, о причастности синонимов к языковым уровням, в том числе о грамматических синонимах. Определяется актуальность изучения проблемы синонимии в морфологическом и синтаксистическом аспектах.

Annotation. In linguistics, synonymy was initially studied only in lexicology. In the course of the development of science, it became necessary to consider the problem of synonymy in relation to all levels of language.

The article analyzes the statements of academician M. Sergaliev about the problem of general synonymy, about the difference between the concepts of synonym, synonymy and synonymy, about the involvement of synonyms to language levels, including grammatical synonyms. The relevance of studying the problem of synonymy in morphological and syntactic aspects is determined.

Ұлттық тіліміздің синонимдерге бай екендігі рас. Оны бүгінге дейін синоним, олардың түрлері, қолданысы, мағыналық реңктері туралы зерттеген ғалымдардың еңбектерімен, ғылыми тұжырымдарымен дәйектей аламыз.

Синонимдердің қазақ тіл білімінде зерттелуі қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалым А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ұлт ұстазы жалпы синонимнің қасиетін дәл

танып, мынандай тұжырым айтады: «Біздің қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Бәрінің де ой-мақсаты бір, бәрінікі амандық, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып өзінше сұрайды. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша тұтынған сөздер – сол адамның тілі болады» [1].

Қазақ тіліндегі синонимдерді жүйелі зерттеп, жалпы синонимияның тіл жүйесіндегі орнын анықтаған ғалым Ә. Болғанбаев синонимдерді ғылыми тұрғыда былай анықтайды: «Синоним дегеніміз – әр түрлі айтылғанымен, мағынасы жақын, бірақ әрқайсысының өздеріне тән не мағыналық, не стильдік, не эмоциялық сәл ерекшеліктері бар бір сөз табынан болған сөздер» [2; 23]. Ал Ғ. Мұсабаев синонимдерді «әр түрлі айтылса да, жалпы мағыналас болатын, бірақ сәл ғана басқа ерекшеліктері бар сөздер» [3; 27], «мағынасы жақын болғандықтан, белгілі контексте бірін-бірі алмастыруға жарайтын сөздер» [4; 68] ретінде сипаттайды. Ғалым Ф.М. Мұсабекованың пайымдауынша: «Синоним сөздер көркем әдебиетте және ауызекі тілде қалыптасады, бір-біріне синоним боп келген әрбір сөздің өзіне тән мағыналық ерекшелігі болады. Ол мағына контексте айқындалады. Көркем әдебиеттегі синоним сөздер бір сөзді қайталап қолдана бермеу үшін, әр ойды толықтырып, нақты айтып жеткізу үшін, шығармадағы кейіпкерлерді жете таныстырып, оның мазмұнын әсерлі етіп беру үшін жұмсалады» [5; 26]. Берілген ғылыми анықтамалардан синонимдерге тән ортақ белгілерді көруге болады. Олар: *мағыналық жақындық; мағыналық, стильдік, эмоциялық ерекшелігінің болуы; контексте бірін-бірі мүмкіндігінше ауыстыруы.*

Ғалым Ә.Болғанбаев синонимдер мәселесінің қазақ тіл біліміндегі зерттелу барысы туралы мынандай тұжырым жасайды: «Қазақ тілі синонимикасының жеке мәселелерін арнайы зерттеу жұмысы елуінші жылдардың бас шенінде қолға алынып, соның нәтижесінде жеке зерттеулер жарық көрді. Бұл еңбектер бір ғана сөз табына тән синонимдердің материалы негізінде жазылған да, сол кезеңде жиналған 1300 жеке сөз аясында шектелген еді» [2; 4]. Ғалымның осы тұжырымына сәйкес қазақ тіліндегі синонимдер белгілі бір сөз табына қатыстығана емес, сонымен қатар тіл деңгейлеріне қатысы тұрғысынан да зерттеу нысанына алынғанын атап өтуге болады. Мәселен, Ә. Болғанбаев лексикалық синонимдер, Ф. Оразбаева сын есімдер синонимиясы, Г. Смағұлова фразеологиялық синонимдер, М. Серғалиев синтаксистік синонимдер т.с.с. Бұдан синонимдердің тек лексикологиялық тұрғыда ғана емес, тілдің барлық деңгейлеріне қатыстылығы аңқалады. Осылардың ішінде біз синонимия мәселесін академик М.Серғалиевтің тұжырымдары негізінде саралаймыз.

Грамматикалық синонимия туралы профессор Н.Оралбай мынадай пікір білдіреді: «Лексикада синонимдердің көп болуы тілдің сөздік қорының байлығын көрсетеді. Грамматикалық құрылыстан синонимнің кең орын алуының да атқаратын ролі одан кем емес, бұл тілдің орамдылығын, икемділігін, ойды білдірудегі мүмкіндіктің молдығын білдіреді. Ойды өте дәл білдіруде грамматикалық синонимдердің де атқаратын ролі орасан зор.

Грамматикалық синонимия қазақ тілінің грамматикалық құрылысына тән негізгі ерекшеліктерінің бірі деп айтуға толық болады. Бір грамматикалық мағынаның тілде түрлі жолмен жасалуы, түрлі морфемалар арқылы берілуі бұған айғақ бола алады» [6; 146-147].

Синтаксистік синонимдер туралы мәселеде қазақ ғалымдарының ішінде академик М.Серғалиев зерттеулерінің орны ерекше. Ғалым «Синтаксистік синонимдер» атты еңбегінде «*синонимика*» және «*синонимия*» ұғымдарының аражігін анықтап береді. «Синонимика» тілдің белгілі бір саласына байланысты өз ерекшеліктерімен дараланатын синонимдердің жиынтығы (лексикалық синонимика, синтаксистік синонимика т.с.с.), ал «синонимия» тілдің әр түрлі көрінісіндегі қасиетті білдіру үшін жұмсалатын ұғымдар ретінде

анықталады. Ғалымның пайымынша, *синоним* терминін белгілі бір тілдік-стилистикалық құбылыстың дәл атын беру үшін қолдану керек те, *синонимиканы* синонимдердің жиынтық аты ретінде (синтаксистік синонимика, лексикалық синонимика, фразеологиялық синонимика, морфологиялық синонимика т.с.с.), ал *синонимияны* стилистиканың тиісті зерттеу нысанын қамтитын саласы деп қалыптастырған жөн.

М.Серғалиев синтаксистік синонимияны синтаксистік параллелизммен бірлікте қарастырып, мынадай анықтама береді: «...синтаксистік синоним дегеніміз – екі немесе одан да көп синтаксистік конструкцияның лексикалық құрамы бірдей, мазмұны бір, бірыңғай синтаксистік қатынаста келіп, құрылымы әр түрлі болып, соған сай нәзік мағыналық айырмашылығы байқалатын синтаксистік параллелизмнің түрі»; «екі не одан көп сөз тіркестері немесе сөйлемдер бір-бірімен синоним болу үшін, алдымен, параллелизм болулары керек. Ал параллелизм болмаған конструкциялардың синоним болулары мүмкін емес. Демек синоним – параллелизмнің бір түрі» [7; 25]. Осы тұрғыда ғалым синтаксистік синонимдерді зерттеу ісіне ерекше мән береді.

Академик М.Серғалиев синтаксистік синонимдерді зерттеудің өзекті тұстарын да атап өтеді. Ғалымның өз тұжырымымен дәйектесек: «... қалың қауым жақсы түсіндірме сөздіктер мен синоним сөздіктеріне мұқтаж болып отыр. Алайда ондай сөздіктерді құрастырып, шығару – істің жартысы ғана. Ал грамматикалық синонимдерге арнап жазылған еңбектердің құны бұлардан әсте де кем түспес еді, өйткені лексикамен әрі морфологиямен байланыста қарастырылған синтаксистік параллелизмдер мен сәйкестіктер стилистикалық мәселелерді шешуде аса құнды материалдар берді» [6; 5], «...синтаксистік синонимдердің практикалық мәні күнбе-күнгі сөйлеу тіліміздің мәдени талабын өтеуден, ойға оралымды сөздерді қисынын тауып қиыстыра, құлпырта байланыстыра білуден, айтар пікіріміздің көрікті болып шығуын қадағалаудан, сондай-ақ жазба тіліндегі үлкен талғамға сай, стильдік жағынан мақсатқа лайық сөз қолданысымыздан көрінеді. Ал теориялық мәнін қазақ тілінің осы күнге дейін толық қолға алынбай келе жатқан саласы бойынша пікір қозғау деп білеміз» [7; 6].

Грамматика саласындағы синонимдерді зерттеген профессор А.Пешковскийден бастап, морфологиялық синонимдерді синтаксистік синонимдерден бөліп көрсеткен О.М.Соколов, синтаксис саласындағы синонимдерді сөз тіркестері ыңғайында зерттеген Д.В.Уткин, Х.М.Сайкиев, А.А.Кока, Е.А.Иванова-Янковская, М.Д.Мишаева, Т.Н.Чивикова, В.П.Сухотин, сөйлем мүшелерінің түрлері бойынша Н.А.Метлина, М.Н.Мурзина, А.В.Фетисова, қазақ тіл білімінде М.Томанов, Н.Базарбаев, Қ.Өмірәлиев сияқты ғалымдардың еңбектерін жүйелі түрде саралайды. Саралап қана қоймай, соның ішінен қазақ тіліндегі грамматикалық синонимия мәселесі үшін маңыздыларын бөліп көрсетеді.

Ғалым М.Серғалиев қазақ тілінде және басқа түркі тілдерінде де сөз тіркестеріндегі басыңқы сыңарлардың өзара лексикалық синоним сөздер ретінде кездесетінін мынадай мысалдармен көрсетеді: *Әбіш бірдеме айтқысы келсе, тек ұйқылы ояу адамның қалпындай, ақырын сыбырлап айтып та қояды* (М.Әуезов «Абай жолы»). *Абай тағы да сыбырлай сөйлеп шер толқытып келгенде, ойда жоқта өз-өзінен ырғақты бір жолдар құралды. Құз-қияны өрмелеп, Ай туады дөңгелек* (С.Мәуленов «Аралап алыс бұлттарды»). – *Бір күні тік басуға жарардым мен, Сол сол-ақ, қияға өрлеп барамын мен* (С.Мәуленов «Ғазиз ана»). Берілген тілдік деректердегі *«айтып – сөйлеп; өрмелеп – өрлеп* сөздері лексикалық синонимдер бола тұра, ғалымның анықтауынша: «осы сөздер қатынасқан сөз тіркестерінің синтаксистік синоним болуына біршама жақындатып тұр. Керісінше жағдайда, айталық, *сыбырмен айтып – сыбырлай ұрсып* немесе *қияны өрмелеп – қияға өрлеп* тіркестеріне қарап, тура мағынасындағы синтаксистік синонимдердің мысалы болып табылады деу қиын, өйткені басыңқы сыңардағы бізге дейінгі зерттеушілердің пікіріндегі ақылға қонымды

терминді орынды деп есептеп, біз де синонимдердің мұндай түрін *лексика-синтаксистік синонимдер* деп атауды жөн көреміз» [7; 16].

Ғалым синтаксистік синонимдердің морфологиялық синонимдерден айырмашылығын да назардан тыс қалдырмайды. «Морфология мен синтаксис грамматиканы құрайтындықтан, синонимнің екі түрін – морфологиялық және синтаксистік синонимдерді грамматикалық синоним деп жалпы атаушылық бар. Дегенмен бұларды бір-бірінен айыра білудің теориялық та, әдістемелік те елеулі мәні болмақ» [6; 40] дей келе, грамматикалық синонимдердің зерттелуіне, тілдегі көрінісіне талдау жасайды. Морфологияда кездесетін синонимия құбылысының басты ерекшеліктерін көрсетеді. Сөздердің тұлғалық жағынан мағыналас болып келуін морфологиялық синонимияның негізгі белгілеріне жатқызады.

Морфологиялық синонимия бір сөз табына қатысты болуы керек әрі олардың түбірі бірдей сөз болуы қажет. Сонда ғана біз бұл құбылысты қосымшалардың синонимиясы ретінде тани аламыз, яғни морфологиялық синонимия құбылысы, негізінен, грамматикалық қосымшаларға тікелей қатысты болып келеді. Бір түбірге жеке-жеке жалғанатын екі не одан да көп қосымшаның бір мағынаны білдіруге қызмет етуі қазақ тіл біліміндегі морфологиялық синонимиканың басты ерекшелігі болып табылады.

Ғалым морфологиялық синонимдердің морфологиялық категориялардан жасалатынын айтып, оның ішінде етістіктің болымдылық-болымсыздық, шақ категорияларының грамматикалық формалары арқылы жасалған морфологиялық синонимдерді нақты мысалдармен дәлелдейді. Мысалы: *Білмейді емессің, білесің, оны жұрттың бәрі мойындайды, көп оқисың, көп іздейсің* (Т.Нұртазин). *Өлген малдың дәлі қанша? ... Және сол мал қасындағы бүгінгі жағдай қайсы? ... Соны білмекпін. Бұл – бір. Екінші, осы жұрттың себебін білгім келеді* (М.Әуезов). Сөйлемдердегі болымдылық мағынаның етістіктің болымсыз формалары арқылы берілуі, мақсатты келер шақ жасайтын *-мақ* формалы етістік пен *-ғы -гі* формалы (*білмекпін – білгім келеді*) қалау райдың көмекші етістікпен селбесіп келуі етістіктің аталған категорияларын өзара морфологиялық синоним ретінде қарауға негіз болатындығын айқындайды.

Қорыта келгенде, тілдегі грамматикалық синонимдерді де зерттеудің өзіндік маңызы бар.

Қазақ тіліндегі синонимдер, олардың тіл деңгейлеріне қатысы, грамматикалық синонимдер туралы мәселелер қазіргі тіл ғылымының даму бағыттарында да аса өзекті.

Грамматикалық синонимдерді тіл ғылымының даму бағыттарына сай зерттеп, оның мәнін ашуда ана тіліміздің тарихына бойлап, бұл мәселені бүгінгі тілдік құбылыстармен салыстыру арқылы нақты бір ғылыми нәтижелерге қол жеткізуде академик М.Серғалиевтің синоним, синонимия, морфологиялық және синтаксистік синонимдерге қатысты ғылыми тұжырымдарының да маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. 4-том. – 384 б.
2. Қалиев Ғ. Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 264 б.
3. Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика). – Алматы, 1954. – 154 б.
4. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.
5. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің стилистикасы. – Алматы: «Мектеп», 1976. – 105 б.
6. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: «Мектеп», 1975. – 196 б.
7. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. – Алматы: «Ғылым», 1970. – 337 б.